

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
кедендік әкімшілендіруді жетілдіру мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
Қазақстан Республикасының Заң жобасы бойынша баяндама

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде өтетін Заң
жобасының тұсаукесеріне баяндама (16.09.14ж. сағат 15.00-де)**

Құрметті депутаттар!

Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік әкімшілендіруді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасының тұсаукесерін ұсынуға рұқсат етіңіздер.

1-слайд.

2-слайд.

Заң жобасын әзірлеу қажеттілігі Мемлекет басшысының тапсырмаларына және слайдта ұсынылған халықаралық стандарттарға негізделген.

Заң жобасы мынадай:

- ҚР кеден заңнамасын жетілдіру,
- мемлекеттің сыртқы экономикалық қызмет саласындағы бәсекелестікке қабілеттілігі рейтингінің көрсеткіштерін жақсарту,
- мемлекеттің халықаралық саудасын дамыту мақсатында әзірленді.

3-слайд

Заң жобасындағы негізгі жаңалық:

- кедендік бақылау акцентін кедендік тазарту кезеңінен тауарлар шығарылғаннан кейінгі кезеңге ауыстыру қағидатын енгізу;

- Уәкілетті экономикалық операторлар институтын жетілдіру;

- жеке пайдалануға арналған тауарлар бойынша критерийлерді белгілеуде кеден ісі саласындағы уәкілетті органның құзыретін айқындау;

- тиісті мемлекеттік органдардың халықаралық шарттар бойынша тауарларды әкелу кезінде жеңілдіктерді қолдану бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібін бірлескен актілермен қабылдауында құзыретін айқындау болып табылады.

4-слайд.

«Заң жобасының құрылымы»

5,6,7-слайдтар.

«Кедендік бақылау акцентін тауарлар шығарылғаннан кейінгі кезеңге ауыстыру қағидатын енгізу»

Кедендік бақылау акцентін кедендік тазарту кезеңінен тауарлар шығарылғаннан кейінгі кезеңге ауыстыру қағидаты:

1. тауарларды кедендік тазарту кезеңінде тек ТБЖ ұсынымы негізінде кедендік бақылауды құру;
2. тауарларды кедендік декларациялау кезінде ұсынылатын құжаттардың қысқартылуы;
3. тауарлар шығарылғаннан кейінгі кезеңде жекелеген бақылау шаралары мен объектілерін беру;
4. Декларациялаудың мәлімдеу қағидатын енгізу;

Тауарлар шығарылғаннан кейінгі кезеңде ең ұзақ және қиын шараларын жүргізуде кедендік бақылауды ауыстыру болжануда. Бұл:

- кедендік құнды бақылау;
- жіктеуді бақылау;
- жеңілдіктерді ұсынудың дұрыстығын бақылау.

Кедендік бақылау акцентін кедендік тазарту кезеңінен тауарлар шығарылғаннан кейінгі кезеңге ауыстыру қағидатын енгізу тікелей электрондық декларациялауды енгізумен байланысты. Құрметті депутаттар, Сіздер қолдаған электрондық декларациялауды енгізуге бағытталған түзетулерге Мемлекет басшысы 2014 жылғы 2 шілдеде қол қойды.

8, 9, 10-слайдтар

«Уәкілетті экономикалық операторлар институтын жетілдіру»

Түзетулердің келесі блогы уәкілетті экономикалық операторлар (УЭО)

институтын жетілдіруге бағытталған нормаларды қабылдау болып табылады.

Бүгінгі күні УЭО іріктеу критерийлері жеткілікті жұмсақ болып табылады және мынадай халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді:

- ДКҰ саудасының қауіпсіздігі және жеңілдетудің негіздемелік стандарттары;

- 2013 жылы ДКҰ саудасын оңайлату бойынша келісім (Бали).

Уәкілетті экономикалық оператор – арнайы оңайлатуларды пайдаланатын және уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізілген УЭО мәртебесін беру шарттарына жауап беретін заңды тұлға.

Қазіргі уақытта УЭО әлемнің ЕО, АҚШ, Түркия, Қытай сияқты дамыған елдерінің 60-тан астам елінде бар.

Қазақстанда жұмыс істейтін 91 УЭО-ның 11 УЭО өндіруші компаниялар болып табылады. УЭО тізіліміне енгізілген 104 компаниялардың 13 куәлігі жол берілген бұзушылықтарға байланысты кері қайтарылды, 35-і тоқтатылды.

Сонымен, қолданыстағы УЭО бағдарламасы Қазақстанның өндірістік компаниялары үшін кедендік операцияларды оңайлатуға және тездетуге тиімді механизм бола алмады және УЭО кеден заңнамасын сақтамау тәуекелін толығымен жоюға мүмкіндік бермеді.

Осыған байланысты, Заң жобасына мыналар ұсынылады:

-

УЭО

мәртебесін мойындау үшін компаниялардың қызметіне бүгінгі регламенттелгенге қарағанда арнайы оңайлатылған неғұрлым ауқымды тізбені ұсына отырып, өте қатаң талаптарды енгізу;

- оңайлатуларды кезең-кезеңмен ұсыну қағидатын енгізу (адал УЭО

мәртебесінде ең ұзақ мерзім кедендік декларациялау кезінде оңайлатудың үлкен көлеміне үміткер бола алуға мүмкіндік береді).

Жұмыстың мұндай практикасы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және ЕО, Швеция, Қытай елдері сияқты бір қатар елдердесіне қарастырылған.

Жоспарланудағы өзгерістердің қортындысы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және алдағы уақытта Қазақстанда және Кеденің екі елінің арасында және басқа шетелдік әріптестікелдермен УЭО Өзара тану бағдарламасын әзірлеуге және қабылдауға мүмкіндік беретін УЭО институтының моделі болады.

11-слайд.

«Жеке пайдалануға арналған тауарлар бойынша критерийлерді белгілеу»

Заң жобасымен тауарлардың санына, жеке тұлғалардың өту және (немесе) олардың тауарларды өткізу жиілігіне қарамастан, жеке пайдалануға арналған тауарлар бойынша критерийлерді белгілеуде кеден ісі саласындағы уәкілетті органның құзыретін айқындауды көздейді.

Аталған критерийлер Халықаралық келісіммен (Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісім, Санкт-Петербург қ., 18 маусым 2010 жыл) кеден органдарының ТБЖ-ға сәйкес айқындалады, бұл жеке тұлғаларға шекараны кесіп өту сәтіне дейін тауарлардың коммерциялық партияларын әкелу тәртібі бойынша анық, ашық және түсінікті ақпараттың болуына мүмкіндік бермейтін.

«Алыпсатар саудасын» реттеуде кеден ісі саласындағы уәкілетті органның құзыретін айқындау мыналарға:

- көлеңкелі экономикадан ресми түрде кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын жеке тұлғаларды шығаруға;
- жеке тұлғаларға қатысты қолданылатын шектеулердің жариялылығын қамтамасыз етуге әкелетін жеке пайдалануға арналған тауарлар түрінде «тауарлардың коммерциялық партияларын» жеке тұлғаларға әкелуге заңнамалық шектеу қоюға мүмкіндік береді.

12-слайд.

Заң жобасы халықаралық шарттар бойынша тауарларды әкелген кезде жеңілдіктерді қолдану бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тетіктерін регламенттеуін көздейді.

Қазіргі уақытқа дейін мұндай тәртіп регламенттелмеген.

Өтеусіз көмек (ықпал ету) шеңберінде, сондай-ақ қайырымдылық мақсатында тауарларды әкелу кезінде жеңілдікті қолдану бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібін қабылдау мыналарды қамтамасыз етеді:

- жеңілдіктерді ұсыну кезінде мемлекеттік органдардың қажетті үйлестіруін;

- келісу уақытын қысқартады;

- шешім қабылдау кезінде айқындылықты қамтамасыз етеді.

Заң жобасын қабылдау қосымша қаржы шығындарын талап етпейді.

Құрметті депутаттар!

Сіздер Заң жобасын қабылдауда қолдау көрсеткен жағдайда бизнес үшін кедендік операцияларды оңайлатуға, тауарларды кедендік тазарту кезінде сыбайлас жемқорлық және бюрократиялық кедергілерді жоюға, кедендік операциялардың айқындылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рахмет!